

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған таратылатын заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда, осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомасын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 371 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 қаңтарда № 10114 тіркелді

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңының 6-бабының 3-тармағына және «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған таратылатын заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда, осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомасын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әділет министрінің орынбасары Б.Ж. Ә б д і р а й ы м ғ а жү к т е л с і н .

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 371 бұйрығымен бекітілген

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған, таратылатын заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда, осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомасын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған таратылатын заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда, осы зиянды өтеу жөніндегі тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру сомасын мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңның (бұдан әрі - Атқарушылық іс жүргізу туралы заң) 6-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленді және сот шешімдерінің уақтылы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджеттік бағдарлама шеңберіндегі сот шешімдерін орындалудың бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Бюджеттік бағдарлама шеңберінде сот шешімдерінің орындалу тәртібі

2. мемлекеттік орган - бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі - мемлекеттік орган) орындауға қабылдаған атқарушылық құжат ол бойынша сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу қозғамаған болса, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оны берген сотқа не өндіріп алушыға қайтарылады.

3. Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу қозғалғаннан кейін мемлекеттік органға атқарушылық құжаттың бар екендігі туралы хабарлайды және заңнамада белгіленген тәртіппен инкассалық өкім шығару жөнінде шара қабылдайды.

4. Мемлекеттік орган сот актілері бойынша ақшалай қаражатты аумақтық әділет органының қолма-қол ақшаны бақылау шотына сот орындаушыларының орындауындағы атқарушылық іс жүргізулер бойынша сот орындаушысының сот актілерін орындау қажеттілігі туралы хабарламасы негізінде ғана аударады.

5. Сот орындаушысы сот актілерін орындау үшін мемлекеттік органға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өндіріп алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) өндіріп алушының жеке шоты ашылған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің анықтамасы (жауапты тұлға қол қойған және мөрімен бекітілген) жеке шотының нөмірін, банк деректемелерін (МФО, ЖСН, ағымдағы шоты, атауы, мекенжайы) көрсетумен не өндіріп алушының ақшалай қаражаттарын оған поштамен жіберу туралы өтінішінің көшірмесі немесе төлем карточкасының көшірмесі.

Сот орындаушысында көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда мемлекеттік орган ақшалай қаражаттарды аумақтық әділет органының қолма-қол ақшаны бақылау шотына аударады.

6. Мемлекеттік орган аумақтық әділет органының қолма-қол ақшаны бақылау

шотына не өндіріп алушылардың жеке шоттарына сот актілері бойынша ақшалай қаражаттарын уақтылы аударылуын қамтамасыз етеді, бұл туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, аумақтық әділет органына уақтылы жазбаша түрде
х а б а р д а р е т е д і .

7. Мемлекеттік органның шотына атқарушылық құжаттар бойынша шығарылған инкассалық өкімдердің орындалуы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесімен (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 9934 тіркелген) белгіленген тәртіппен жүргізіледі.